

XFTAP 16.01.11

Айша Жұмағұлова¹, Гүлбаршын Сыздықова²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: ¹aisha_jumagulova@mail.ru, ²go.syzdykova@mail.ru)

Лингвоэкология және медиакеңістік

Андатпа. Бұл мақалада қазақтілді медиакеңісті лингвоэкологияның зерттеу нысаны ретінде қарастырудың маңызы өзектеледі. Лингвоэкология – тілді, тілдік сананы сақтау және дамыту мәселелерімен айналысатын тіл білімінің пәнаралық жаңа бағыты. Қазақ тіл біліміндегі лингвоэкология әлемдік лингвоэкологияның маңызды тұжырымдарын зерттеулеріне арқау ете отырып, өзінің дербес пәндік тұғырын айқындауға бағытталды.

Сондықтан авторлар қазақ тіл білімінде қалыптасу үдерісін өткеріп жатқан лингвоэкологияның алдымен мақсат-міндеттерін айқындайды. Оның басты міндеті қазіргі тілдің, антропонимдердің тілдік және ақпараттық кеңістік жағдайын диагностикалау екенін анықтай отырып, тілді лингвоэкологиялық тұрғыдан зерттеудің нысанына медиакеңістікті алудың басымдығын көрсетеді. Лингвоэкологияның негізгі ұғымдарының бірі тілдік орта десек, бүгінгі трансформацияланған сандық медиа белсенді тілдік ортаға айналды. Сондықтан қазіргі медиакеңістік тілінің лингвоэкологиялық тұрғыдан зерделенуі, оның лингвоэкологиялық жауапкершілігінің анықталуы арнайы зерттеуді қажет етеді.

Түйін сөздер: лингвоэкология, медиа, медиакеңістік, бұқаралық коммуникация, тілдік сана.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-129-4-125-132>

Кіріспе. Қазіргі қазақ қоғамының көпқырлы ахуалы қазақ тілінде айна қатесіз көрініс табуымен қатар, тілдің өзіне де ықпал етуде, ал бұл өз кезегінде басты қажеттілікті – тілдің қауіпсіздігінің қажеттілігін талап етеді. Лингвоэкология десмоэкологияның бөлігі және тіл туралы ғылым ретінде тілді қорғау ресурстарын зерттеп, жетілдіреді. Сондықтан лингвоэкология тілдің өмір сүру қауіпсіздігін жүзеге асыру компоненті болып табылады. Лингвоэкология туралы мұндай түсінік оны тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Қазіргі уақытта қазақ лингвоэкологиясы тіл білімінің жаңа бағыты ретінде қалыптасу үстінде. Дейтұрғанмен бұл бағытта жасалған зерттеулер лингвоэкологияны тілді зерттеудің кешенді мәселелері мен әдістерін сипаттайтын синтезделуші ғылыми пән ретінде тануға мүмкіндік береді.

Замануи лингвистиканың негізгі үрдісі – адамтанымдық бағыт аясында жүргізіліп жатқан лингвоэкологиялық зерттеулер тіл білімінде үлкен қызығушылық тудырып отыр. Себебі «жаһандану үрдісі кең канат жайған қазіргі заман тілді «Табиғат – Адам – Қоғам» үштігі контекстінде, адам табиғатымен, этнос, ұлт, халық сияқты тілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірімен біртұтастықта қарастыруды талап етеді. ХХІ ғасыр тіл білімінде адамзат өмірі мен тіршілігінің ең маңызды құралы болып табылатын тіл табиғатын – фонологиялық, морфемалық, лексемалық, синтаксистік, контекстік, дискурстық деңгейлердегі тілдік бірліктердің мазмұны арқылы; тілдік бірліктердің мазмұндық ерекшеліктерін адам танымындағы ойлау, пайымдау, ақпаратты қабылдау, ақпаратты жеткізу үдерістері шеңберінде; басқа да туа біткен, кейін қалыптасқан адами қасиеттердің көрінісі тұрғысынан; тарихи, қоғамдық, әлеуметтік факторлардың ықпалын қабылдаған лингвоқұрылым ретінде; жалпы адам болмысын сипаттайтын дүниетаным мен рухани мәдениеттің мәні тұрғысынан саралаудың өзектелуі, лингвистиканың пәнаралық сипаты мен

зерттеу мүмкіндіктерін арттыра түсті» (Туумбаев, Sagidolda, 2015: 15-16). Соның нәтижесінде интеграциялық жаңа үрдістегі лингвоэкологиялық зерттеулер антропоэзектік парадигма аясында жүргізіліп, қарқынды дами бастады.

Мақаланың мақсаты мен міндеттері. Лингвоэкологиялық зерттеулердің мақсаты – қазіргі тілдің жай-күйін зерттеу. Ал бүгінгі қоғамның, социумның тілдік шындығы сөзсіз медиакеңістікте көрініс тауып отыр. Сондықтан зерттеу мақаласының мақсаты – қазақтілді медиакеңістікті лингвоэкологиялық тұрғыдан зерттеудің маңызын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін мынандай міндеттер қойылады:

- лингвоэкологиялық зерттеулердің міндетін айқындау;
- медиакеңістік ұғымының түсінігін анықтау;
- қазақтілді медиакеңістіктегі лингвоэкологиялық кейбір мәселелерге талдау жасау арқылы медиакеңістік тілін лингвоэкологиялық тұрғыда зерттеудің маңызын белгілеу.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында сипаттау, жүйелеу, контенттік талдау, жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Лингвоэкологияға берілген анықтамалардың көбі ХХ ғасыр зерттеулерінің төл парадигмасы болған құрылымдық-жүйелілік парадигма шеңберінде тұйықталып, тіл мәдениетінің нысаны тұрғысында қалып қойды. Ал шын мәнісінде лингвоэкологияның зерттеу пәні екі бағытты: 1) тілге және; 2) сол тілде сөйлеушіге, яғни жеке алғанда әрбір тілдік тұлғаға, тұтас алғанда тілдік ұжымдарға (этнос, социум, мемлекет) тиетін жағымды әрі жағымсыз ықпалдарды зерттеуді ұстанатынын баса айту керек.

«Лингвоэкологияның басты міндеті – бүлінген тілдік компоненттер мен құбылыстарды сақтау, оңалту, тірілту мақсатымен қазіргі тілдің, антропонимдердің тілдік және ақпараттық кеңістік жағдайын диагностикалау, сонымен қатар тілдік тұлғаны сол тілде сөйлеуші және сөйлеу, коммуникативтік қызметтерді жасаушы ретінде зерттеу, оның күшін оң биоэнергетикалық өріс пен «гуманистік, инвайронментальді ойлау образын қалыптастыруға бағыттау» деген Е.В.Семчуктың пікірі (Semchuk, 2014: 1234) лингвоэкологияның тілді адам, адам санасында қалыптасқан ақпараттық кеңістік, әлеуметтік-қоғамдық орта арқылы зерттеуді көздейтінін дәйектейді.

Тіл ең басты, ең негізгі, ең тұрақты этностық көрсеткіш ретінде лингвоэкологияның ең басты міндеті – этностың тілдік ерекшелігін, соның негізінде қоғамның рухани денсаулығы мен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін сақтаумен тоғысады (Bernatskaya, 2014: 28).

Лингвоэкологияның мақсаты, бір жағынан, тілдің өзін-өзі қалай сақтайтынын зерттеу, яғни оның өз денсаулығын сақтауын немесе біртіндеп лингвицидке жақындауын (адамның оны дұрыс пайдаланбау нәтижесінде) анықтау болса, ал екінші жағынан, адам денсаулығын жақсарту, жетілу жолдарын іздестіру болып табылады. Осылайша лингвоэкология тілдің екіжақты қызметін зерттейді: оның дұрыс қолданылуы тіл мен адам денсаулығын сақтайды, бұрыс қолданылуы тіл мен адам денсаулығын бұзады.

Лингвоэкологиялық зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, қазіргі уақытта әлемнің барлық тілдері дерлік лингвоэкологиялық ықпалға ұшырап отыр. Әр елдің тілдік жағдаяты әртүрлі болғанымен, олардың барлығына ортақ бір сипат бар: ағылшын тіліне негізделген ақпараттық технологиялардың ірі ғылыми-техникалық революциясының нәтижесінде тілдік үдерістердің жаһандануы және әлем халықтарының тілдік кеңістігіне ағылшын тілінің кірігуі. Бұл жағдай тілдің деформациялануы мен деградациялануы секілді түрлі жағымсыз үдерістерге әкеп соғуда. Мұндай лингвоэкологиялық ықпал қазақ тіліне де әсер етуде. Әсіресе жаңа технологиялық жағдайлардағы динамикалық планетарлы коммуникацияның нәтижесінде бұл ықпал күн санап арта түсуде.

Техногендік өркениет пен ақпараттық жаһандану жағдайындағы планетарлы коммуникацияның бүгінгі алаңы – медиакеңістік. ХХІ ғасырдағы жаһандану үдерісіне сай өркениеттердің тоғысуы, геосаяси, ұлтаралық, дінаралық, мәдениетаралық диалогтардың меди-

кеңістікке ықпалының артуы, ақпараттық-технологиялық медиакеңістіктің шекарасының кеңеюі, т.б. заманауи факторлар қазақтілді медиакеңістікте жедел қарқынмен жүріп жатқан интеграциялық үдерістердің тілдік, соның ішінде лингвоэкологиялық тетіктерін іздестіруді міндеттейді. Бұл ретте қазақтілді медиакеңістіктегі ақпараттар легінің тіл қолданушылардың санасына тигізетін жағымды-жағымсыз әсерін зерттеу лингвоэкологияның басты міндетінің бірі болып саналады.

Заманауи гуманитарлық ғылым саласында айтарлықтай қызығушылық тудырып отырған бұқаралық коммуникацияны зерттеу еңбектерінде «медиа» лексемасы жеке вербалды-когнитивті бірлікке айналып, белсенді түрде сөзжасамдық үдерістерге енді: масс-медиа, медиахолдинг, медиакратия, медиапсихология, медиабилік, медиамәтін, медиамаркетинг, медиа орта, медиа әсер, т.б. Түрлі коммуникация құралдарын атау үшін енгізген М.Маклюэннің «медиа» терминін қазір қарапайым «делдал» ұғымына сыйғыза алмаймыз. Бұл пікірді білдірген Н.Б.Кириллова бүгінде медиа жай ғана ақпарат тарататын құрал емес, мәдени кодтар жасалатын, эстетикаланатын, трансляцияланатын бүтін бір орта болып ұғынылады дейді (Kirillova, 2005: 22). Бүгінде медианы зерттейтін практикалық ізденістер дәстүрлі философиялық, әлеуметтік, психологиялық, сонымен қатар саяси-идеологиялық, коммуникативтік, медиалингвистикалық, аумақтық, технологиялық тұрғыдан зерттелетін бірнеше әдіснамалық парадигмаларға негізделеді. Алайда бұл парадигмалармен ғана шектелу медианың кейбір тұстарының назардан тыс қалуына алып келді. Соның нәтижесінде медиакоммуникацияны қандай да бір «кеңістік» ретінде зерттейтін жаңа кеңістіктік парадигма пайда болды. Осыны ұстанған көптеген зерттеушілер «медиакеңістік» ұғымына қызығушылық танытып отыр. Оның өзіндік бірнеше себептері бар:

Біріншіден, бұл – ақпараттың қозғалысы мен коммуникациялық байланыстардың ұлттық немесе басқа да шекаралармен шектелмеуіне ықпал ететін жаһандану. Жаңа коммуникациялық жүйе кеңістік пен уақытты түбегейлі өзгертуде. «Ақпараттық» дәуірде «аймақтық жерлер өзінің мәдени, тарихи, географиялық мәндерінен айырылып, желілерге немесе образды коллаждарға қайта интеграцияланып, жер кеңістігін алмастыратын ағындар кеңістігін өмірге әкелетін болады» дейді М.Кастельс (Kastel's, 2000: 353).

Екіншіден, «медиакеңістік» ұғымы бұқаралық коммуникация құралдары концептісінен гөрі кеңістіктік аймақтарды ажыратуға, медиакоммуникацияның қандай да бір топографиясын құрауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, «медиакеңістік» концептісі оны барлық социумға тән атрибуттарды көрсететін жеке дамушы жүйе ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Медиакеңістік мәнін кеңірек түсінуге мына тұжырымдар мүмкіндік береді:

1. медиакеңістіктің өзегі ретінде бұқаралық коммуникация құралдары танылады (көп ретте БАҚ);
2. БКҚ өз кезегінде (яғни медиакеңістік) кеңістіктің басқа түрлерінің (әлеуметтік, мәдени, оқу, діни, т.б.) қалыптасуына ықпал ететін белсенді актор болып саналады;
3. медиакеңістіктегі өзгерістер қоғамдағы трансформациялану үдерістерімен тікелей байланысты, себебі медиакеңістік қоғам дамуының жетекші үрдістерін көрсетеді, бұл оның дамуын орын алып жатқан қайта түрлену контекстінде зерттеуге мүмкіндік береді;
4. медиакеңістік индивидтің сезім тәжірибесінен тыс жатқан әлем бейнесін қалыптастырады: ол шындықты жай ғана көрсетіп қоймай, әлемді түсінуді құрастырады;
5. медиакеңістік – өзара байланысты және бүтіннің дамуының ортақ заңдылықтарына бағынатын нақты құрылымдық элементтерге ие күрделі жүйе (Monastyreva, 2013: 5).

Ал «коммуникацияның кез келген мақсаттарына қызмет ететін жүйе тіл ретінде анықтала алады», - дейді Ю.М. Лотман (Lotman, 2003: 130). Медиакеңістік тілін лингвоэкологиялық тұрғыдан зерттеу коммуникативтік жүйеге түсетін антропогендік жүктеме категориясында медиакеңістік тілін адамның өмір сүру ортасы ретінде қарастыруды, меди-

атехнологиялардың индивидтің психикасы мен қоғамдағы әлеуметтік-мәдени үдерістерге тигізер ықпалын анықтауды көздейді. Мұндағы басты міндет – ақпараттық кеңістік сапасының өлшемдерін адамға зиянсыз болу тұрғысынан бекіту. Яғни адамның ақпараттық, тілдік, мәтіндік ортасы қаншалықты экологиялық таза, адам мен ол өмір сүретін ақпараттық ортаның қарым-қатынасы қаншалықты үйлесімді екенін анықтау қажет (Shakhovskiy, Ionova, 2012: 147). Бұл ретте коммуникативтік, мәтіндік, ақпараттық орта секілді күрделі құбылыстардың экологиялық сипатын бекіту және олардың көптеген мәтіндік хабарламаларды қолданатын, жалпыға ортақ диалог контексінде өмір сүретін адресаттардың санасына әсер етуін қарастыру мәселесі алға шығады. Жағымды ақпараттық орта ақпараттық кеңістік субъектісінің дамуына жағдай жасайды, жағымсыз ақпараттық орта оның өмірлік және өнімділік әлеуетіне нұқсан келтіреді. Бұл жерде нақты индивид, адамдардың әлеуметтік, ұлттық және кәсіби топтары, тұтас қауымдастықтар мен түгел социум қорғаныс нысанына айналады.

Лингвоэкологиялық нормалардың бұзылуынан туындайтын салдарлар қатары өте көп. Осы тұрғыдан келгенде медиакеңістіктегі лингвоэкологияның зерттеу мәселелеріне мыналарды жатқызуға болады (олардың кейбірі коммуникативтік лингвистиканың шеңберінде қарастырылып жүргенімен лингвоэкологиялық негіздеуді қажет етеді):

- түрлі дискурстағы экологиялық қатысым шарттары;
- психострессік сипаттағы хабарламалардың өлшемі мен деңгейі;
- ақпараттық шиеленіс, өшпенділік, араздық атмосферасы мен оларды бейтараптандыру амалдары;
- әлеуметтік, ұлттық, діни қақтығыстарға, криминалды әрекеттерге арандату механизмдерін анықтау;
- коммуникацияның конфликтогендік өлшемдері;
- сөйлеудегі дөрекілік, әдепсіздік, тіл тигізу шектері;
- коммуникациядағы негативті эмоциялардың рөлі;
- ақпараттың бұрмалануы;
- суггестивтік ықпал мен манипуляция;
- мейірімсіздік, адамгершіліксіздіктің көрініс табуын қоғамдық бағалау;
- тұлғаның, тұтас қоғамның азаматтық және ұлттық сана-сезімінің көрініс табу формалары;
- кінәлау мен сын тағудың жол берілген формалары;
- өкпе-реніш пен кемсітуге жетелейтін сөйлеу агрессиясының критерийлері т.б.

Медиакеңістік тілінің тіл қолданушыларына түпсаналы ықпалының қаупі көптеген зерттеушілерді алаңдатып келеді. Себебі медиа – аудиторияның идеологиялық, эмоционалды, тіпті түпсаналы үміттеріне құрылған трансляция жасаушы арна. Медиа-сарапшы Джерри Мандер: «Бәлкім біз ақпарат бұқаралық санамен жұтылатын дәуірге аяқ басқан болармыз. Телевизиялық хабарлама қандай да бір сүзгіден өтпестен толығымен жадымызға келіп құйылады, бірақ оны саналы анализдеу, түсіну мүмкін емес» деген пікірі медиакеңістіктен түсетін ақпараттың еш кедергісіз қабылданатынын аңғартады (Zagidullina, 2016: 10). Расында медиакеңістіктегі өзге әлемнің иллюзиясына ұмтылу адам үшін өте қауіпті. Мұндай технологиялық инфрақұрылымның алдында адам әлсіз және тәуелді. М. Маклюэннің пікірінше, медиа алғашқы кезден-ақ тұтынушының санасын жаулап алуға ұмтылған. Зерттеуші медиалық даму (электронды құралдардың болашақ дамуы) соңында адам санасын толығымен «ампутацияға» алып келеді деген болжам айтады (Kirillova, 2005: 68).

Лингвоэкология қазіргі қазақтілді медиакеңістікте көрініс тауып отырған кірме сөздердің тасқыны, сөйлеудегі жаргондар мен варваризмдер, тілдің тұрпайылануы, ментальді лексика мен фразеологиядағы семантикалық бұрмалану, ақпараттық қауіпсіздік пен тілдік зорлық мәселесі, тілдік толеранттылық мәселесі, сөйлеу агрессиясы, тілдегі эмоция, т.б.

қарастырады. Бұл мәселелердің көбісі бұған дейін де тіл және сөйлеу мәдениеті тұрғысынан зерттеліп келгені белгілі. Алайда тіл мәдениеті мұның бәрін тілге әсері тұрғысынан қарастырса, ал лингвоэкология оны адамға әсері тұрғысынан қарастырады. Мәселен, кірме сөздердің тілдік санаға тигізетін әсерін қарастырайық. Қазіргі медиакөңістікте жаһандық араласудың негізінде кірме сөздердің легі ағылып жатыр: хит, тренд, хайп, фан, фандом, вайн, челлендж, чат, траффик, хейтер, троль, коуч, пранк, лайк, хештег, сториз, комментарий, директ, бренд, пиар, фэшн, бан, пост, блогер, аккаунт, квест, вебинар, таргет, бот, мас-слайкинг, массфоллоving, гив, влог, кейс, чек-лист, юзер, аватар, лайфхак, контент, идол, фидбек, бэкстейдж, т.б.

Кірме сөздер өзі қабылданған тілдегі сөздерді кейінге ысырып қана қоймай, тіл қолданушының санасында туған сөздің ішкі формасының арқасында бұған дейін қалыптасып келген ұғымдық-ментальді-сезімдік бейненің бүтіндігін жояды. Мысал ретінде ағылшынның киллер сөзі мен қазақтың кісі өлтіруші, қанішер сөздерін салыстырып көрейік. Бұл сөзді журналистердің қазіргі уақытта кеңінен қолданып жүргенін білеміз: «Ресейде аса қауіпті қызметкерлердің бірі, киллер, «Кіші Дрюнья» лақап атымен белгілі Андрей Дрюнинді Иркутск қаласының полицейлері мен Забайкалье өлкесіндегі федералды қауіпсіздік қызметі басқармасының өкілдері қолға түсірді» (Егемен Қазақстан); «Қырықтан асқан келіншек жарынан құтылу үшін киллер іздеген» («Қамшы» ақпараттық-танымдық порталы); «Тергеушілердің айтуынша, бұл фактілердің барлығы қылмыскердің кәсіби киллер емес екенін көрсетеді» (BAQ.kz). Киллерге қатысты кәсіби, тәжірибелі, бірінші дәрежелі деген сипаттамалардың да қоса берілуі жиі кездеседі. Ал бұл сөздер тілдік санада оң зарядты ассоциациялық қатар түзеді: тәжірибелі киллер / дәрігер / мұғалім / ұшқыш, т.б. Соңында санада бұл сөздің семантикасы ғана өзгеріп қоймай, сонымен қатар коннотациясы да жойылады. «El.kz» ақпараттық-танымдық порталында «Ермек Тұрсыновтың «Кенжесі» көрерменге жол тартпақ» деген тақырыппен шыққан мақаладан үзінді келтірсек: «Уақыт өтеді. Екеуі ер жетіп қана қоймай, кішісі кәсіби киллер, үлкені соның промоутері болады. Жалданып кісі өлтіреді. Кәсіптері оңға басып, уақыт өткен сайын пайдаға кенеледі». Тағы бір мысал «Киллер» қызметіне сұраныс көбейді» тақырыбымен «Айқын» газетінде жарияланған мақаладан: «Кісі өлтіру нарығында тапсырысты ең арзан бағаға орындаушылар маскүнемдер, наркомандар және қылмыскерлер. Бірақ тапсырманы сенімді орындайтындар жұмыссыз қалып, күнкөріс жағдайлары ауырлаған бұрынғы әскерилер, арнайы қызмет пен құқық қорғау саласында жұмыс істегендер. Олар қарумен қалай «жұмыс істеуді» жақсы меңгерген және тапсырманы уақытында, дәлме-дәл орындауға машықтанған. Жұмыссыз қалғандар тапсырыспен кісі өлтіруге келіседі. Алайда, ең дұрысы бұл істі кәсіпқой киллерге тапсырған жөн. <...> Бұл салада ақшаны көп сұрайтындар – элиталық киллерлер. Олар банк қожайыны, мемлекеттік деңгейдегі белгілі корпорациялардың президенттері, белгілі бизнесмендер сияқты үлкен басшыларға қастандық жасайтындар. Сарапшылардың айтуынша, олардың гонорары 50 мың доллардан басталады» («Айқын» газеті). Мұндай мақалаларды оқығаннан кейін сөздің энергиялық мазмұны ұсақталып, соның әсерінен сана деформацияланады, шындық бұрмаланады, тиісінше денотатқа деген көзқарас та өзгереді – кісі өлтірушіні қабылдаудың орнына осы әрекетті түсіну, одан кейін осы құбылысқа бойұсыну (тіпті оны ақтап алу), оны жай ғана қызмет түрі ретінде қабылдап, жоғары табыс әкелетін кәсіп түріне жатқызуы да орын алады. Медиакөңістікте кездесетін осындай экологиялық емес сөздер, мәтіндер тілдік тұлғаның, одан кейін түгел социумның санасына кері ықпал етеді.

Тілдік тұлғаға әсер ететін медиакөңістіктегі басқа да лингвоэкологиялық мәселелерді қысқаша атасақ:

- а) агрессивті ақпараттар ағынының әсерінен «катастрофалық ойлаудың» қалыптасуы;
- ә) реципиенттің нағыз шындықты қабылдауын бұрмалаушы тәсілдердің қолданылуы;

- б) тұлғаның интимдік аймағына рұқсатсыз кіру;
- в) реципиенттің (Интернет оқырманның, көрерменнің, тыңдаушының, қолданушының) тілдік санасын манипуляциялаудың тілдік механизмдерін әдепсіз қолдану;
- г) тілдің тұрпайылануының әсерінен адам ағзасындағы психофизиологиялық өзгерістердің орын алуы;
- ғ) табиғи тілдің кодының пайда болып жатқан басқа семиотикалық жүйелердің кодтарымен өзара қарым-қатынасы;
- д) эмоционалды «семіруге» және сананың когнитивті атрофиясына ықпал ететін ойын-сауық бағдарламаларының экспансиясы және т.б.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, медиалық технологиялар күн өткен сайын әрбір адамның күнделікті өмірінде үлкен орын алып, бұрын тек тікелей тұлғааралық коммуникация деңгейінде ғана мүмкін болған мәдени тәжірибені енгізуде. Интернет кез келген жеке пікірдің әлеуетті ашық болу мүмкіндігін жасауда. Бұл ретте «масс-медиа» туралы түсініктер өз күшін жойып, барлық медиалық ортаның «бұқаралыққа» айналуына алып келді. Ал толықтай медиаланған әлемнің коммуникативтік кодтары мен тілін зерттеу кешенді зерттеу әдістері мен тәсілдерін талап ететін көпміндетті үдерісті қажет етеді.

Тілдің өміршеңдігі сол тілді қолданушылардың әлемінде өмір сүруімен өлшенеді және сол тілді қоғам өмірімен байланыстырмай зерттеу тірі тілді өлі тілге айналдыратыны анық (Ter-Minasova, 2018: 39). Сондықтан қазіргі тілдің жай-күйін осы уақыттың құбылыстарымен, қоғам тіршілігінің жалпы жағдайларымен байланыстыра зерттеуіміз керек. Ал қазіргі қоғамның тыныс-тіршілігі толығымен медиакеністікте көрініс тауып отыр. Себебі бүгінгі қоғамды медиасыз елестету мүмкін емес. Ендеше қазіргі тілдің лингвоэкологиялық жай-күйін қарастырғымыз келсе, медиакеністік тілін зерттеу міндеті талассыз алға шығады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Түймебаев Ж., Сағидолда Г. Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негізі. (Фонетика. Морфология). / Ж.Түймебаев, Г.Сағидолда. Екінші басылым. – Алматы: «Қазығұрт», 2015. – 408 бет.
- 2 Семчук Е.В. Лингвоэкология как междисциплинарная наука // Молодой ученый. – 2014. – №4 (63). – С. 1233-1235.
- 3 Бернацкая А.А. Лингвистика и «критика языка» // Экология языка и коммуникативная практика. – 2014. – №2. – С. 15-31.
- 4 Кириллова Н.Б. Медиакультура: отмодерна к постмодерну. – Москва: Академический проект, 2005. – 304 с.
- 5 Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. - Москва: ГУ ВШЭ, 2000. – 608 с.
- 6 Монастырева О.В. Медиaprостранство: обзор представлений и подходов к пониманию // Вестник АМГУ. – 2013. – №50. – С. 1-6.
- 7 Лотман Ю.М. Семиосфера: Культура и взрыв; Внутри мыслящих миров. - Санкт-Петербург: Изд-во «Искусство СПб», 2003. – 152 с.
- 8 Шаховский В.И., Ионова С.В. Человек и его языковая среда: эколингвистический аспект // The Anthropology of Language: сб. статей. Вып. 2. – Москва: Флинта: Наука, 2012. – С. 137-149.
- 9 Загидуллина М.В. Эколингвистическая концепция медиaprостранства // Медиасреда. – 2016. – №11. – С. 8-13.
- 10 Кириллова Н.Б. Медиакультура как объект исследования // Известия Уральского государственного университета. – 2005. – №35. – С. 63-74.
- 11 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 320 бет.

Aisha Zhumagulova¹, Gulbarshyn Syzdykova²

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Linguoecology and Media Space

Abstract. The article reveals the importance of studying the Kazakh-speaking media space in the linguistic and environmental aspect. Linguoecology is a new interdisciplinary area of linguistics, which deals with the tasks of preserving and developing the language and linguistic consciousness. Linguistic ecology of the Kazakh linguistics has moved to the stage of determining its subject area, based on the important conclusions of the world linguoecology. Therefore, the authors first determine the goals and objectives of linguoecology. Defining the main task of linguoecology as the diagnosis of the modern language, linguistic and informational space of anthroponyms, they highlight the importance of studying the language of media space as an object of linguoecological research. Since one of the main concepts of linguoecology is the language environment, transformed digital media has become an active language environment of our time. Therefore, the study of the language of modern media space from a linguoecological perspective, the definition of its linguo-ecological responsibility requires a special study.

Key words: linguoecology, media, media space, mass communication, linguistic consciousness.

Айша Жумагулова, Гულбаршын Сыздыкова

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Лингвоэкология и медиапространство

Аннотация. В данной статье раскрывается важность изучения казахоязычного медиапространства в лингвоэкологическом аспекте. Лингвоэкология – новое междисциплинарное направление языкознания, которое занимается задачами сохранения и развития языка, языкового сознания. Лингвоэкология казахского языкознания перешла на стадию определения своей предметной области, опираясь на важные выводы мировой лингвоэкологии. Поэтому авторы в первую очередь определяют цели и задачи лингвоэкологии. Определяя главной задачей лингвоэкологии диагностику современного языка, языкового и информационного пространства антропонимов, авторы подчеркивают важность изучения языка медиапространства как объекта лингвоэкологического исследования. В силу того, что одним из основных понятий лингвоэкологии является языковая среда, трансформированное цифровое медиапространство стало активной языковой средой нашего времени. Поэтому изучение языка современного медиапространства с лингвоэкологического ракурса, определение ее лингвоэкологической ответственности требуют специального исследования.

Ключевые слова: лингвоэкология, медиа, медиапространство, массовая коммуникация, языковое сознание.

References

- 1 Tuymebaev Zh., Sagidolda G. (2015) Altaistikanyñ tarixhi-lingvistikalık negizi. (Fonetika. Morfoloǵiya). [The historical and linguistic basis of Altaistics. (Phonetics. Morphology)], («Kazygyrt», Almaty, 408 p.). [in Kazakh]
- 2 Semchuk E.V. Lingvoekologiya kak mezhdistsiplinarnaya nauka [Linguistic ecology as an interdisciplinary science], (Molodoy uchenyy, (4)63, P. 1233-1235.). [in Russian]
- 3 Bernatskaya A.A. Lingvistika i «kritika yazyka» [Linguistics and «criticism of the language»], (Ekologiya yazyka i kommunikativnaya praktika, 2014, 2, P. 15-31.). [in Russian]

- 4 Kirillova N.B. Mediakul'tura: otmoderna k postmodernu [Media Culture: Modern to Postmodern], (Akademicheskiy proekt, Moscow, 304 p.). [in Russian]
- 5 Kastel's M. Informatsionnaya epokha: ekonomika, obshchestvo i kul'tura [The Information Age: Economics, Society, and Culture], (GU VShE, Moscow, 2000, 608 p.). [in Russian]
- 6 Monastyreva O.V. Mediaprostranstvo: obzor predstavleniy i podkhodov k ponimaniyu [Media Space: A Review of Perceptions and Understanding Approaches], (Vestnik AMGU, 2003, (50), P. 1-6.). [in Russian]
- 7 Lotman Yu.M. (2003). Semiosfera: Kul'tura i vzryv; Vnutri myslyashchikh mirov [Semiosphere: Culture and Explosion; Inside the thinking worlds], (Izd-vo «Iskusstvo SPb», Sankt-Peterburg, 2003, 152 p.). [in Russian]
- 8 Shakhovskiy V.I., Ionova S.V. Chelovek i ego yazykovaya sreda: ekolingvisticheskiy aspekt [Man and his linguistic environment: the ecolinguistic aspect], The Antropology of Language: sb. statey, Vyp. 2., (Flinta: Nauka, Moscow, 2012, P. 137-149.). [in Russian]
- 9 Zagidullina M.V. Ekolingvisticheskaya kontseptsiya mediaprostranstva [Ecolinguistic concept of media space], (Mediasreda, 2016, (11), P. 8-13.). [in Russian]
- 10 Kirillova N.B. Mediakul'tura kak ob'ekt issledovaniya [Media culture as an object of study], (Izvestiya Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta, 2005, (35), P. 63-74.). [in Russian]
- 11 Ter-Minasova S.G. Til zhane madenietarlyk kommunikatsiya [Language and Intercultural Communication], (Ultyk audarma byurosy, Almaty, 2018, 320 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Жұмағұлова Айша – қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сыздықова Гүлбаршын – ф.ғ.д., қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Zhumagulova Aisha – PhD student of the department of Kazakh linguistics of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Sydykova Gulbarshyn – Doctor of Philology, Professor of the department of Kazakh linguistics L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.